

ТІРКЕУШІМЕН КЕЛІСІМ

Осы келісім _____ 20__ жылы "Қазақ торап ақпарат орталығы" Мекемесі, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 180000, Семей қ., Ильяшев к-сі., 47/2 (бұдан әрі KazNIC деп аталатын) және Тіркеуші _____, мекен-жайы: _____, (бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады) арасында жасалды. Осы Келісімнің мәтінінде KazNIC және Тіркеуші жеке "Тарап" және бірлесіп "Тараптар" деп аталады.

ЖАРЛЫҚ БӨЛІМІ

.KZ, .ҚАЗ домендерінің Әкімшілігімен жасалған шартқа сәйке KazNIC мекемесі Интернет Нөмірлерін Беру Ұйымымен («ҒНБҰ») [Internet Assigned Number Authority («IANA»)] Қазақстан Республикасына арналған ISO KZ Мемлекеттік Кодына сәйкес келетін, Жоғары Деңгейлі Домен ретінде тағайындалған .KZ, .ҚАЗ домендері (әрі қарай «Домен») атауымен белгілі Жоғары Деңгейлі Интернет Домендерінің («ЖДД») [Internet Top Level Domain «TLD»] Тіркеушілері үшін дара Тіркеу бөлімі болып табылады. Қандай да бір себептермен пайда болған өзгерістер жайлы KazNIC дереу хабарлап отырады.

KazNIC пен Тіркеуші Доменнің бәсекелестік қабілетін одан әрі арттыру мақсатында, Тіркеуші домен үшін бірлескен тіркеуге (әрі қарай Тіркеу) қатысуға құқылы екендігі, ал KazNIC Тіркеуші клиенттері үшін домендік атауларды тіркеу және оларға қызмет көрсету қызметтерін ұсынатындығы жөнінде өзара келісімге отырды.

KazNIC пен Тіркеуші ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, сондай-ақ осы жерде қамтылған өзара міндеттемелерді және өзге де заңмен жарамды және жеткілікті қарсы қанағаттануларды назарға ала отырып келіскендерін осымен растайды,

Тараптар ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСТІ:

1. Тіркеушінің міндеттемелері.

Тіркеуші Доменге тұтынушыларды тарту барысында дәйекті күш жұмсауға және Тіркеуші арқылы тіркелетін (first-line customer support) тұтынушыларды техникалық қолдаумен қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тіркеуші KazNIC-ті және әр тұтынушыны тіркеудің әр фактілерімен Домендерді пайдалану үшін KazNIC орнатқан шарттардаға сәйкес толтырылған құжаттардың көшірмесін қоса отырып, электрондық почта арқылы растап отыруға міндетті.

Тіркеуші тұтынушыларға тұтынушы келісімін, атауды Доменге тіркеуге шешім қабылдамай тұрғанда, алдын ала ойланып, келісу үшін он бес (15) күн бұрын ұсынуға келіседі.

Адал бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатында Тіркеуші домендік атауларды тіркегені және қолдағаны үшін бағаларды белгілеген кезде, баға демпингін жүзеге асырмауға міндеттенеді, себебі бұл тіркеушілер арасындағы бәсекелестік қатынастарының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Тіркеуші домендік атаулардың тіркеушісі функцияларын жеке өзі орындауға міндетті.

Тіркеуші құқылы емес:

- пайдаланушыларға домендік атауларды тіркеу қызметтерін көрсетуді өзге тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алумен шарттауға;

- пайдаланушы таңдаған екінші деңгейдегі домендік атауына байланысты жоғарғы деңгейдегі әрбір доменде тіркеу, оның ішінде босатылатын домендік атауларды тіркеу қызметтерін көрсетудің бағалары мен өзге де шарттарын белгілеуге;

- босатылған домендік атауларға тіркеу қызметін қолдануға пайдаланушылар шеңберін шектеуге немесе жеке пайдаланушыларға не болмаса пайдаланушы санаттарына қызмет туралы ақпарат алудың артықшылықтарын жасауға.

2. KazNIC міндеттемелері.

KazNIC осы Келісім бойынша қарсы қанағаттанулар мен одан Тіркеуші алатын пайдалар ішінара Тіркеушінің KazNIC өзіне тиісті органдар берген тіркеу функциясын жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруды жалғастыратынына жартылай сенімділігіне негізделгенін мойындайды. KazNIC Тіркеуші қамтамасыз ететін тіркеулерді өңдеу мен

қабылдауда Тіркеушімен ынтымақтастықта болады. KazNIC Тіркеушіге Домендік есімдерді тіркеудің, өзгертудің және жаңартудың шұғыл әдістерін пайдалану мүмкіндігін ұсынуға, сонымен қатар ағымдағы тіркелген Домендік есімдер туралы мәліметті іздеу құралына қосылу мүмкіндігін беруге және осы қызыметтер тәулік бойы қолжетімді болуы үшін, барынша тиімді істерді атқаруға және өзіне қатысты шаруалардың бәрін орындауға келіседі.

KazNIC Тіркеушімен тіркеу барысында тұтынушыларға домендік атауларды тіркеуді және қолдауды тікелей Тіркеу бөлімі арқылы жүргізу үшін Әкімші белгілеген бағадан төмен бағаларды ұсыну арқылы бәсекелеспеуге міндеттенеді. KazNIC тіркеудің бөлшек сауда бағасының төмендегені жағдайында, Тіркеушіге бөлшек сауда бағасын сәйкесінше төмендетіп үлгеруі үшін, алдын ала, кемінде отыз (30) күн бұрын ескертеді.

KazNIC кез келген өзге Тіркеушілерге немесе серіктестерге осы Тіркеушіге қолданылған Келісімнің шарттарына қарағанда өтемақының неғұрлым қолайлы шарттарын ұсынбауға және ондай келісімге отырмауға міндеттенеді.

3. Қызымет өтемі.

Тіркеуші KazNIC қызметтерінің төлемін, оның тіркеу мен қолдау көрсетуге, белгіленген тариф бойынша қойған шоттары негізінде, доменде әрбір жаңа атауды тіркеген жағдайда да, қолданыстағы тіркеуді ұзартқан жағдайда да, жылына кемінде бір рет төлеуге міндеттенеді.

4. Меншік құқығы.

Тараптар Тіркеуші қамтамасыз ететін тіркеулер мен тұтынушыларға қатысты барлық ақпарат KazNIC пен Тіркеушінің ортақ меншігі болып табылатындығына келіседі. Домен тұтынушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, KazNIC немесе оның атынан жұмыс істейтін кез келген жеке не болмаса заңды тұлға, алдын ала Тіркеушімен жасалған жазбаша келісімсіз, тұтынушыларға ешқандайда маркетингілік немесе жарнамалық сыйпатқа тән хабарламаларды жасамауға міндеттенеді.

Тіркеуші тұтынушыларға web желісінде бағыттауды не жіберуді, web тораптарында ақпаратты орналастыруды және т. б. қоса алғандағы қарапайым Интернет қызметтерін, мұндай алдын ала келісімсіз ұсына алады. Мұндай қызыметтер үшін төлем өндіру мен төлемнің деңгейін анықтау туралы шешімді Тіркеуші өзінің жеке мүддесі бойынша қабылдайды және бұл қызымет Тіркеушінің жеке сатылу заты болып табылады.

5. Өтемақы.

KazNIC Тіркеушінің өзінің абайсыздық қылығымен немесе дұрыс қарамағандығының кесірінен болған айыптардан басқа, Тіркеушіге қарсы тұтынушылардың не болмаса басқа тіркеушілердің кез келген залалының орнын толтыруға және айыптардан қорғауға міндеттенеді. Тіркеуші осы Келісімге сәйкес KazNIC-ті Тіркеушінің өзінің абайсыздық немесе заңсыздық қылықтарының, не болмаса дұрыс қарамағандығының әсерінен болған, кез келген үшінші тұлғаның залалының орнын толтыруға және айыбынан қорғауға міндеттенеді.

6. Тұтынушылармен байланыс.

Осы келісім бойынша KazNIC Тіркеушінің тіркеген барлық тұтынушылармен еркін байланыс жасауға құқылы, алайда осы Келісімнің әрекет ету мерзімінде KazNIC үшінші тұлғаның атынан, Тіркеушімен алдын ала, 30 (отыз) күннен кем емес мерзімде келіспей тұрып, мұндай тұтынушылармен электрондық почта арқылы немесе басқадай да жолдармен қызыметтер мен өнімдерді жарнамалау, не басқалай да әдістермен ұсыну мақсатында тура байланысқа түспеуге міндеттенеді.

7. Жауапкершілік

Тіркеуші тарапынан Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу Қағидасының талаптарын, аккредиттеу туралы Ереженің талаптарын және осы Келісімнің талаптарын бұзуы, оның домендік атаулардың тіркеушісі ретінде аккредиттелуін кері қайтарып алуға (күшін жоюға) әкеп соғады.

8. Әрекетін тоқтату

Осы Келісімнің әрекеті тараптардың кез келгенінің жазбаша хабарламасы арқылы тоқтатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Тіркеуші домендік атауларды қолдау қызметтері үшін алдын ала төлем бойынша тұтынушылардан алынған, алайда қызметінің тоқтатылуына

байланысты нақты қызымет көрсетілмеген, барлық сомаларды KazNIC-ке төлеуге міндеттенеді.

9. Реттеуші заңнама.

Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Жоғарыда айтылғандардың дәлелі ретінде, Тараптардың уәкілетті лауазымды тұлғалары осы Келісімнің бірінші бетіндегі көрсетілген мерзімді күні қол қойды.

KazNIC деректемелері: "Қазақ торап ақпарат орталығы" мекемесі БСН 990940000373 ЖСК KZ886010261000037204 "Қазақстан Халық банкі" АҚ-да БСК HSBKKZKX БЕК 17 төлем коды 851 Бас мүдір _____Гусев П.М.	Тіркеушінің деректемелері:
--	-----------------------------------